

Телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесі туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 26 қыркүйек N 1284

Қазақстан Республикасында бұқаралық ақпаратты дамыту және техникалық құралдарын жаңғырту, телерадио хабарлары желісінің қазіргі материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалану, бұқаралық ақпараттың тәуелсіз құралдарының жұмыс істеуі үшін жағдай жасау, сондай-ақ мемлекеттік және корпорациялық ақпарат, оның ішінде банк жүйесі мен бағалы қағаздар нарығы желісін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы, "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы, "Казинформтелеком" акционерлік қоғамы ұсынған телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесін дамыту тұжырымдамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің, "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясының, "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының, "Казинформтелеком" акционерлік қоғамының "Интелсат" халықаралық спутник жүйесі байланысы және телерадио хабарлары мен деректер берудің мемлекеттік және коммерциялық желісін іске қосатын басқа ұйымдар негізінде телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесін құру мен пайдалану үшін "Қазақстан телекоммуникация консорциумы" акционерлік қоғамын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесінің жобасын мемлекеттік үлес қосып қатысуы, сондай-ақ жобаның мемлекеттік бөлігін қайтарылатын етіп кредиттеу жолымен 13 миллион АҚШ долларына дейінгі сомада инвестициялауды қамтамасыз ететін болсын.

Телерадио хабарлары мен деректер берудің ұлттық спутниктік жүйесінің жобасын инвестициялаудың қалған бөлігін 1995 жылы берілетін жабдыққа алдын ала төлем жасауды қоса алғанда "Қазақстан телекоммуникация консорциумы" акционерлік қоғамының қатысушылары дербес жүзеге асырады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі байланыс арнасын жалдауға кететін бюджет шығының жобаны іске асырудан үнемделген сомаға қысқартуды көздейтін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы Шетел капиталын

пайдалану жөніндегі комитет жобаға сараптық бағамдау жүргізіп, оның нәтижесін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынатын болсын.

5. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1998.05.13. N 431 қаулысымен. P980431_

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК